

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

№ \_\_\_\_\_

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 20 \_\_ года

2021 жылғы «29» желтоқсанда жарияланды

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын реттеу және  
дамыту жөніндегі агенттігінің  
Төрайымы  
М.Е. Әбілқасымоваға

### Депутаттық сауал

#### Құрметті Мәдина Ерасылқызы!

Еліміздегі онлайн-қызметтердің көбеюіне қатысты интернет алаяқтық бойынша қылмыс түрлері өткен жылмен (10,2 мың) салыстырғанда **2 есеге артып, 17,8 мыңнан астам істі құрап отыр. Бұл істердің аясында 25 мың адам 8,2 млрд теңгеден астам қаржыға зардап шеккен.**

Осыдан 7 ай бұрын халыққа онлайн несие берумен байланысты алаяқтық жағдайларының жиілеп кеткендігін көтеріп, арнайы депутаттық сауал мен нақты іс-шаралар тізбегін ұсынған болатынбыз. Оның ішінде, Агенттікке клиенттің биометриялық ерекшеліктерін сәйкестендіру процедураларын күшейтуді, нақты уақыт режимінде кескінді тексеру және растауды, екі сатылы аутентификацияны енгізуді көздеуді ұсындық.

Бірақ, қабылданған іс-шаралар тізімі әлі де, **агенттік тарапынан жұмыстың бірізді жүйеге қойылмағандығын аңғартуда.** Оған нақты негіз ретінде алаяқтар тарапынан азаматтардың жеке деректерін пайдалана отырып, **онлайн несиені өзге адамға заңсыз рәсімдеуі болып отыр.**

Дәлел ретінде, қыркүйек айындағы Мемлекет Басшысы кезекті халқына Жолдауында: «...қылмыспен күресудің практикалық мәселелерін назардан тыс қалдырмау керек. Алаяқтықтың көбеюіне байланысты азаматтардың наразылық білдіруі орынды», – деп Бас прокуратураға алаяқтыққа байланысты кешенді шаралар әзірлеуді тапсырған болатын.

Дегенмен, жуырда ғана елордалық тұрғын өзге адамдардың жеке құжаттарын пайдалану арқылы Алматы, Атырау, Нұр-Сұлтан қалаларының азаматтарына, **олардың қатысуынсыз 10 миллион теңге онлайн-несие рәсімдеген.** Азаматтардың сеніміне заңгерлік көмек көрсету арқылы кіріп, олардың жеке ақпараттарына ие болған.

Одан бөлек, алматылық жас азамат Kcell телефон операторының тұтынушыларының атынан 2 миллионнан астам теңгені құрайтын 5 заманауи смартфондарды онлайн рәсімдеген. Бұл екі мысалдың сорақылығы, **мүдделі азаматтың қатысуынсыз, яғни оның жеке деректерін пайдалану арқылы несиенің рәсімделуінде.**

Өздеріңізге мәлім, 2019 жылдан бастап кез-келген тұрғын өзінің SIM картасын ЖСН нөмірі арқылы өз атына тіркеу міндеттелген. Соған қарамастан, алаяқтар үшінші адамға **өзге нөмірді қолдану арқылы аталған қылмысты киналмай орындап келеді.**

Жоғарыдағы көрсетілген нақты мысалдар **жеке тұлғаны сәйкестендіру рәсімдерін реттеу жүйелерінің толық пысықталмағанын көрсетіп тұр.** Осы орайда, жауапты мемлекеттік органдарға клиенттің сәйкестендіруін анықтауды күшейту бөлігі бойынша онлайн несиелер берудегі рәсімдерге қосымша ұсыныстар енгізуді сұраймыз, **оның ішінде:**

**Біріншіден,** Агенттікке тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп онлайн кредитті рәсімдеу барысындағы оның **жеке деректері мен телефон нөмірінің оператор желісімен идентификация жасалуын енгізуді;**

**Сондай-ақ,** тез арада барлық микроқаржылық ұйымдардың **«Сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығының»** ақпаратымен идентификация жасауды ұйымдастыруды сұраймыз. *(ақпарат үшін – 20 МҚҰ тек 13-і ғана, ал 22 банктің тек 15-сі ғана қолдана алады.)*

**Екіншіден,** көтерілген мәселенің қауіптілігін ескере келе, Бас прокуратура және тиісті құқық қорғау органдарымен бірлесе интернет-алаяқтықты жою бойынша жедел әрекет ету қадамдарын ұйымдастыруды сұраймыз.

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің Депутаты,  
«Nur Otan» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**Е.Бейсенбаев  
Ж. Әшімжанов  
М. Ахметов  
Ә. Әбсеметова  
Ф. Қаратаев  
Н. Ожаев**